



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 24 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 9 жылғы 1 қазан

«Монета жұлдыздары-2009» ескерткіш
монеталардың үшінші халықаралық
конкурсының қорытындылары туралы

2009 жылғы 24 қыркүйекте Петербург қаласында Эрмитаж театры залында «Монета жұлдыздары-2009» ескерткіш монеталардың үшінші халықаралық конкурсының жеңімпаздарын жариялады.

«Монета жұлдыздары» — Ресей аумағында өткізілетін ескерткіш монеталар конкурсы. Конкурсты ұйымдастырушы «Уотер Марк» баспа үйі болып табылады — «Водяной знак» және «Золотой червонец» журналдарының құрылтайшысы және шығарушысы.

Монеталарды конкурсқа ұсыну құқығына ұлттық банктер, монета сарайлары, сондай-ақ дистрибьютор компаниялар ие.

Жеңімпаз монеталарды Ресейдің және Еуропа мұражайларының (оның ішінде — Мемлекеттік Эрмитаж, Ресейдің Мемлекеттік Тарихи мұражайы, Ресей тарихының ұлттық мұражайы, тарих және өнер мұражайы, Литвадағы Чюрленис атындағы ұлттық өнер мұражайы), коммерциялық банктердің, нумизматикалық қоғамдардың, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіретін конкурстық комиссия айқындайды.

Жеңімпаздар мынадай номинациялармен айқындалады:

- Бірегей идеялық шешім
- Сәтті көркемөнер шешімі
- Айрықша технология
- Жылдың күміс монетасы
- Жылдың алтын монетасы
- Жыл монетасы

«Монета жұлдыздары-2009» конкурсына 2008 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығында айналысқа шығарылған монеталар қатыстырылды. Монеталарды конкурсқа орталық банктер, монета сарайлары және дистрибьютор компаниялар ұсынды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «**Диадема бөлігі**» ескерткіш күміс монетасы «**Бірегей идеялық шешім**» номинациясында **II орынды иеленді** және «Монета жұлдыздары-2009» ескерткіш монеталардың үшінші халықаралық конкурсы әділқазылар алқасының шешімімен тиісті дипломмен марапатталды. «Көшпенділер алтыны» сериясынан **номиналы 500 теңге «Диадема бөлігі» монетасы** айналысқа 2008 жылғы 6 қыркүйекте шығарылды.

Монета пішіні он екі қырлы етіп жасалған. Монетаның бет жағында (аверсінде) он жақ бөлігінде екі жолға орналастырылған және монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген жазу және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі, монета соғылған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1gr.» деген жазу бар. Сол жақ бөлігінде шауып келе жатқан төрт салт атты бейнеленген. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оған бедерлеп мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген сөздер жазылған. Жазулар нүктелермен бөлінген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) орта бөлігінде безендірілген алтын диадема фрагментінің алтындалған бөлігі орналастырылған. Төменгі бөлігінде айналдыра мемлекеттік тілде «ДИАДЕМА БӨЛІГІ» деген жазу және спиральдың геральдикалық бейнеленуі, жоғарғы бөлігінде ағылшын тілінде «FRAGMENT OF A DIADEM» деген жазу бар. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оған бедерлеп мемлекеттік тілде «КӨШПЕНДІЛЕР АЛТЫНЫ», ағылшын тілінде «THE GOLD OF NOMADS» деген жазу және соғылған жылын білдіретін «2008» деген сан орналастырылған. Жазулар және сан нүктелермен бөлінген.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерленіп жазылған. Қыры (гурты) жылтыр, бұдырсыз және жазусыз.

Монета сынамы 925 күмістен дайындалған, массасы – 31,1 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 38,61 мм, «proof» сапасымен дайындалған, таралымы - 5 мың дана.

